

**Б.Нысанбаев атындағы орта мектептің Қамқоршылық кеңес  
отырысының  
Хаттамасы №7**

Атырау облысы  
Көктоғай ауылы

25.11.2021 ж.

Қатынасқандар: Б.Иманалиева, Ғ.Зайдекенов, Р.Губайдуллин, М.Куанова,  
Ж.Хайруллина, Н.Каримова, М.Айғали, Қ.Садиев, А.Чалхаров

Қатыспағандар: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Асхананың санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын тексеру;
2. Ас мәзірінің перспективалық ас мәзіріне сәйкес келуін, тағам өнімдерінің сапасын, сертификаттарының болуын тексеру;

Күн тәртібіндегі қойылған мәселелер бойынша сөйлеушілер:  
Б.Иманалиева кеңес төрағасы Атырау облысы Білім беру басқарамасының 2021 жылғы 11 қарашадағы №06-01-06-02-4\1170 санды хаты мен аудандық білім бөлімінің 12 қарашадағы №05-04-01\1561 санды хаты негізінде «Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сапасын зерделеу» мақсатында жиналып отырғандағы айтылып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша асханада ас мәзірін дайындау мен пісіруге арналған арнайы жабдықтармен қамтылған. Асхананың санитарлық жағдайы нормалық талаптарға сай. «Астарыңыз дәмді болсын!», «Асхана құжаттар!», «Аспаз бұрышы!» бұрыштары жасақталған. Асханада күнделікті ас мәзірі мектеп директорының қолымен бекітіліп, асхана бұрышына ілінген, сыныптардың тамақтану кестесі және қауіпсіз, сапалы су ішу тәртібі ұйымдастырылған. Мектеп медбикесі күндегісін оқушыларға ұсынылатын тамақты алдын ала дәмін татып, күндегісін бракераж журналын толтырып отырады. Асхана қызметкерлері медициналық сараптамалардан өткен, кітапшаларының мерзімі тексерілген, шағымдар мен ұсыныстар журналы жүргізілетіні туралы сонымен бірге асхана алдында 5 қол жуатын рақвиналар, сұйық сабын қойылған, қол кептіретін құрылғылар жасап тұрғандығы аталды.

Келесі өзді алған Ж.Хайруллина тексеріс кезінде асхананың тазалығы да толықтай тексеруден өткізілді. Оқушыларға ұсынылған тағамдар күнделікті ас мәзіріне сай келеді. Ыдыстардың да таза, жеткілікті, оларды жуу орындарының да таза екенін көріп отырмыз. Су құбырлары жасап тұр. Өз тарапымнан асхананың тазалығына еш талабым жоқ. Мектептің тамақтануды ұйымдастыру қанағаттанарлық деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, қаулы етеді:


1. Мектеп асханасының тазалығы, оқушыларға берілетін тағамның сапасы мен құнарлығы үнемі бақылауда ұсталсын;
2. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жағдайы бойынша жеке кәсіпкер «Борашов» жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;

**Кеңес төрағасы:**



**Б.Иманалиева**

**Хатшысы:**



**Н.Жексенова**